

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық серия**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 3 (2022)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
выходит 4 раза в год

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

О постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**  
публикация материалов в области филологии

**Подписной индекс – 76132**

<https://doi.org/10.48081/CEQT4278>

**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/KYMA8167>

**\*Г. А. Абылкасимова<sup>1</sup>, К. Т. Тулебаева<sup>2</sup>**

<sup>1,2</sup>Әлихан Бөкейхан университеті,  
Қазақстан Республикасы, Семей қ.

## **ОЛЖАС СҮЛЕЙМЕНОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЭСТЕТИКАЛЫҚ КАТЕГОРИЯЛАР МЕН ЭСТЕТИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАР**

*Мақалада өз шығармаларын орыс тілінде жазатын қазақ ақыны Олжас Сүлейменовтің эстетикалық көзқарастары мен өлеңдеріндегі эстетикалық категориялар ұғымы туралы айтылады. Ақын поэзияларынан аңғарылатын эстетикалық көріністерді сұлулық жайлы қалыптасқан ғылыми түсініктермен салыстыра зерттеу негізгі міндет болып табылады. Зерттеу нысаны ретінде ақынның өлеңдері алынған.*

*Сан қырлы ақын өлеңдерінде әсемдік әлеміне деген ұлттық және интернационалдық көзқарас байқалады. Бұған ақынның ұлттық және еуропалық эстетикалық мәдениеттен жақын таныс болуы ықпал етсе керек. Автор ақынның эстетикалық көзқарастарын саралап, оның әлемдік әдебиеттегі ролін айқындайды. Эстетикалық категориялардың поэзиядағы қолданылу жүйесі мен ерекшелігін ашуға тырысады.*

*Зерттеу жұмысында баяндау, анализдеу және индукция әдісі қолданылған. Индукция әдісі ақынның эстетикалық жеке қорытулары негізінде жалпы тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Автор ақынның ішкі сезімдері, талғамы, бағалауы, күйзелісі, идеялары мен армандарына терең үңілуге тырысқан. Олжас Сүлейменов поэзиясынан сұлулық, асқақтық сынды негізгі эстетикалық категорияларды ақын поэзиясынан тауып, мысалдармен дәлелдеген.*

*Ақын шығармашылығының сұлулық әлемін тануда ғылыми зерттеу жұмысы төмендегі мәселелерді негізгі мақсат етіп қояды. Сұлулық әлемін танытар өлең жанрына қойылатын қалыптасқан пікірлерді саралау. Сұлулық әлеміне қояр ақынның өз талабы мен өлең жолдарынан қорытылып алынған негізгі эстетикалық ойларды*

*анықтау. Ақын поэзиясындағы эстетикалық категорияларды тауып, нақты мысалдармен дәлелдеп көрсету.*

*Мақалада эстетика ғылымының тарихы, мәселесі мен міндеттері, категориялары және эстетиканың өнермен байланысы, сонымен қатар О. Сүлейменовтің поэзиясын ғылыми тұрғыда зерттеп келе жатқан ғалымдар пікірі басты назарға алынған. Автор талас тудырған пікірлерге тоқталып, ақын өлеңдеріне жаңаша көзқараспен қорытынды жасайды.*

*Кілтті сөздер: көп қырлы ақын, поэзия, индукция, арғымақ, эстетика, эстетикалық көзқарас, эстетикалық категориялар, асқақтық, сұлулық*

### **Кіріспе**

XVIII ғасырда Баумгартен «Эстетика» деп атау берген сұлулық туралы ғылымның түп тамыры өнер тарихының тереңінде жатыр [1]. Көне «Илиада» мен «Одиссея», «Махабхарата» мен «Рамайна», «Ригведа» дастандарынан бастау алған эстетикалық байыптау мен жүйелеу – поэзиядағы ең алғашқы әдемілік туралы талғамдарды қалыптастырды. Поэзиядағы эстетика бірден мектепке айналып, қалыптаса қойған жоқ. Ойшылдар ғасырлар бойы эстетикалық принципке диалектикалық түсініктер беріп келді. Бірі әдеміліктің өлшемі мөлшерінде десе, бірі – жарамдылығында, ал енді бірі – ақиқатты тану немесе пішіннің бүтіндігі мен бірлігі деп қорытты. Рим ақыны К.Ф. Горацкий «Поэзия ғылымы» деген еңбегінде поэзиядағы эстетикалық жүйеге алғашқы рет теориялық тұжырым жасап, ең бірінші көркемдік сапаның жоғары болуын талап етіп қойды. Бұл қатарға Әбу Насыр әл-Фарабидің «Поэзия өнері жайлы» трактатын қазақ топырағындағы ең алғашқы ғылыми еңбек ретінде жатқызуға болады. Қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы Абай Құнанбайұлы, Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Шәкәрім Құдайбердіұлы эстетикалық категорияларға санамалап түсініктеме бермегенімен, олардың еңбектерінен әсемдікті сипаттайтын ұғымдарды аңғару қиын емес. Мысалы, Абай өлеңнің «іші – алтын, сырты – күміс» болуы қажет екенін айтып, ақындықтағы эстетикалық талғамның өлшемін көрсетті.

Сан қырлы тұлға Олжас Сүлейменов поэзиясынан эстетикалық категорияларды тарихи, ұлттық, түрлі мәдени көзқарастар аясынан зерделеудің өзектілігі аса жоғары болмақ. Олжас Омарұлы Сүлейменовтің эстетикалық асқақ көзқарасы лирика, публицистика және ғылыми прозасында материалды терең зерделеуі және жан-жақты органикалық синтездеуі нәтижесінде айқын аңғарылып келеді. Ол Абай, Ыбырай, Әуезов және Дулатовтан кейін тек қазақ халқын ғана емес, бүкіл әлемді еркін ойлауға, білім игеруге шақырды. Олжас Сүлейменов «Арғымақ» өлеңдер жинағы

арқылы әлемдік поэзияға екпінді қадам басты. Әлемдік кеңістікке даланың таза, мөлдір лебін әкелді.

Олжас Сүлейменов поэзиясы оның дәл өзіндей батыл, асқақ, өр, өткір, кейде нәзік, өте сезімтал болып келеді. Ақынның мінезі оның шығармаларының табиғатында да көрініс тапқан. Ақын айналасынан сұлулық іздейді. Туған өлкесінен, Бетпақ даладан, сахара шөлінен, тіпті Ниагара сарқырамасынан, Париж түнінен әсемдікті көргісі келеді. Адам бойынан әділдікті, адамгершілікті, асыл қасиеттерді тауып, оны жырға қосады. Ұлтының ең әсем қасиеттерін зерделейді. Күшті рухын, терең тарихын бүкіл әлемге паш етеді. Ақын айналасындағы сұлулық әлемін зор эстетикалық талғаммен қабылдап, көңіл сүзгісінен өткізе отырып, айналасына сұлу формада жеткізе білді. Бұл ерекшелікке ақынның көпмәдениетті гибридтілігі мен қарым-қатынас тіліндегі өзгеше стилін қосыңыз. О. Сүлейменов поэзияның ішкі және сыртқы өлшемдеріне, көркемдегіш құралдарға, мазмұн мен идеялық үндестікке зор мән берді. Жаңа көркемдік құралдар және ең алдымен органикалық поэтикалық метафораларды қолдану О. Сүлейменовтің өлең техникасына тән. Оның верлибрлері, акценттік нысандары, өлшемдерінің рифмалары, фонетикалық және грамматикалық қайталануы және ақ өлең ырғағындағы қазақ әдебиетінде мүлдем өзгеше көркем-эстетикалық бағыт әкелді.

### **Материалдар мен әдістер**

Зерттеу жұмысында баяндау, анализдеу әдістерімен қоса, индукция әдісі қолданылды. Индукция әдісі техникалық ғылымдарда кеңінен қолданылады. Индукция әдісін қолданып поэзия жанрын аталмыш тақырып аясында зерттеудің маңыздылығы ақынның эстетикалық жеке қорытулары негізінде жалпы тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Зерттеу кезеңдерінде сұлулық ілімінің тарихы, мәселесі мен міндеттері, категориялары және эстетиканың өнермен байланысы зерттелді. О. Сүлейменовтің поэзиясын ғылыми тұрғыда зерттеп келе жатқан ғалымдар пікірі басты назарға алынды.

Бүгінгі таңда ақын поэзиясын жаңаша көзқараспен талдау – эстетика ұғымын заманауи қажеттіліктер арқылы танып, рухани құндылықтың өміршеңдігін тереңірек сезінуде өзекті мәселеге айналып отыр. О. Сүлейменов поэзиясының өн бойындағы эстетикалық көзқарастар құндылығын тұжырымдай жеткізу және эстетикалық категорияларды мысалдар арқылы дәлелдей көрсетудің маңыздылығы зор.

Олжас Сүлейменовтің поэтикалық мұрасын зерделеуде В. Т. Абишева, Н. М. Джусупов, М. М. Әуезов, Л. Вознесенский, А. С. Нурақынова, Л. Мартынов, Р. И. Утепова, Н. Ю. Вербовский, Э. Т. Какильбаева, Б. Г. Каирбеков, Н. Т. Какишева, А. М. Мусаев, Л. Аннинский, С. Марков, Б. Слуцкий, М. Б. Амалбекова, У. К. Калижанов, С. Н. Машкова сынды

Отандық және шет елдік ғалымдар нәтижелі еңбектер ұсынып келеді. Ғалымдар зерттеуі ақын поэзиясының көпқырлылығы, стилистикалық және көркемдік ерекшелігі, еңбектерінің тарихи ерекшелігі, өлеңдердегі ұлттық идея, ақынның шығармашылық портреті, идеясы мен мазмұны, көпмәдениеттілік, шет елдік ақындармен шығармашылық үндестігі сияқты өзекті бағыттарды қамтиды. О. Сүлейменовтің өлеңдері Францияда «La Nouvelle critique», «Les lettres françaises» атты француз әдеби журналдары мен газеттерінің беттерінде жарық көрді. 1972 жылы «Change» журналында «Маймыл жылы» поэтикалық жинағынан алынған өлең топтамалары А. Вознесенский және Р. Рождественскийдің «Бірақ, поэзия...» атты антологиясымен қатар жарық көрді. Құрастырушы және аудармашы Л. Шнитцер үш ақынның шығармашылық үндестігін атап өтіп, кітаптың алғы сөзінде «О. Сүлейменовтің әсерлі поэзиясының түпнұсқасына поэзиялық тұжырымдаманың өткір модернизмі мен ежелгі шығыс даналығы, сезімнің мөлдірлігі, ойлардың тереңдігін қоршайтын парадокстардың сұлулығы және ирония астарлы адамгершілік тән...» деп атап өтті [2, 54]. Ақын бұл басылымнан кейін француз әдебиетінде зор танымалдылыққа ие болды. Шығармалары баспасөз беттерінің қызығушылығын тудырып, 1973 жылы «Monde» газетінде француз журналисі Анн Филиптің О. Сүлейменовпен сұхбаты жарияланды. Сұхбатты ақын: «Менің ұраным, яғни, біздің ұранымыз өткеннің тереңдігі, болашақтың биіктігі. Осы векторлардың идеалды қиылысу нүктесіне жеткенде, біз мәдениеттің идеалды күйіне жетеміз» деген асқақ ақындық пікірімен қорытылады [3, 74].

Қазақ ақыны поэзиясының эстетикалық және философиялық мәнін зерттеуге ден қойған АҚШ зерттеушісі Р. Абазов өзінің «Green Desert. The Life and Poetry of Olzhas Suleimenov» атты еңбегінде: «Ақын – әрдайым қоғам қайраткері, оның посткеңестік мәдениеттегі орны өлең мотивтеріндегі адамның көңіл-күйі мен адам тәжірибесін білдіруге қабілеттілігімен айқындалады. Ол ауқымды әдебиетші» деп көрсетті [4, 66].

Осы тұста Олжас Сүлейменовтің шығармаларының қазақ тіліне аудару мәселесі жайлы айта кету орынды. Ақын өлеңдерінің алғашқы аудармалы жинағы 1972 жылы жарық көрді. С. Ақатаевтың аудармасында «Атамекен», «Арғымақтар», «Аз и Я» туындылары қазақ оқырмандарына жол тартты. Прозалық және ғылыми аудармалар сапалы жасалған, түпнұсқамен барабар жеткізілген. 2006 жылы А.Егеубайдың алғы сөзімен «Дайк-пресс» баспасынан шыққан «Қыш кітабы» және Қадыр Мырзалиев аударған екі томдық «Таңдамалы өлеңдер жинағы» орыс тіліндегі үш буынды: анапест, амфибрахий, дактиль немесе бес-алты тармақты иамбус, хореймен жазылған өлеңдер қазақ тіліне сәтті аударылған. Олар қазақтың классикалық он бір және Абай енгізген сегіз аяқты жолымен ырғақты, дыбыстық және

монотониясымен үндесе жеткізілген. Аудармашылардың түпнұсқа мәтіндерімен мұқият жұмыс істегені сезіліп, поэтикалық өлшемдерді қатаң сақтағаны аңғарылады. Олжас Сүлейменовтің шығармашылығы қазақ тілді оқырманға жетіп, ақынның күрделі дүниетанымы мен эстетикалық талғамын тереңірек тануға ықпал етті. Бұл тұста аудармашы-ақындар Әбіш Кекілбаев, Қадыр Мырза Әлі, Асқар Сүлейменов, Асқар Егеубаев, Ұлықбек Есдәулетов, Советқазы Ақатаев, Тасқара Азамат, Иса Әділ Алмат, Ерлан Жүніс, Қуаныш Жұмабек сынды ақындар еңбегін атап өту қажет.

Әлемнің жеке бейнесінде, сұлулық тезаурусында эстетикалық категориялар мен сұлулық құндылықтарының иерархиясын анықтау жүреді. Біз индукциялық әдіске сүйенеміз, оған сәйкес өлең мәтіні тұтас құрылым ретінде қарастырылып, талдау негізінде ақынның көркемдік таным ақиқатына жету жолындағы эстетикалық дүниетанымын: талғамы мен бағалауын, күйзелісі мен қуанышын, идеяларын, жеке ойдан жалпы қорытынды тұжырымға келу қажет.

### **Нәтижелер мен талқылау**

Олжас Сүлейменов поэзиясы – бұл ХХ ғасырдағы ақындар шығармашылығының интернационалдық сипатының жарқын үлгісі, сондай-ақ әлемдік әдебиетте өзіндік орын алған бірегей ақын. Ақынның поэзиясы да оның өз тұлғасы сияқты көп қырлы. Өлеңдері философиялық және өзіндік жаңалыққа толы. Әр тіркестің астарында күрделі сезім, терең эстетикалық толғам жатыр.

Эстетика – сұлулықты зерттейтін ғылым. Сұлулықты тану оның категориялары арқылы, ал таныту – өнер арқылы жүзеге асады. Эстетикалық категория – адамның жан әлемі үшін қажеттіліктен туындайтын зат пен құбылыстың материалдық өлшемі.

Олжас Сүлейменовтің болмысты зор эстетикалық талғаммен қабылдауы – эстетикалық категориялардың оның шығармаларында теориялық мағынада көрініс табуына ықпал етті. Мысалы, сұлулық, асқақтық, тәкаппарлық, биіктік, нәзіктік, үйлесімдік, әділеттілік сынды объективтілік түсінік қалыптасты. Кеңес дәуірінің әдебиет сыншысы Николай Ровенскийдің пікірінше, О. Сүлейменов поэзиясы екі эстетикалық мәдениеттің, орыс және қазақтың тоғысқан тұсында дүниеге келген [5, 91]. Әлемнің әр түкпірінде қолжетімді және түсінікті бола түскен ақын шығармашылығы саяси сенімдері мен этникалық тегіне қарамастан әр адамның жүректеріне еніп, ортақ мәдени қазынаға айналды. Оның поэзиясы әлем әдебиетінің халықаралық сипатының жарқын мысалы болып табылады. Сол себепті де О. Сүлейменов есімін К. Кулиев, Р. Гамзатов, М. Кәрім, Д. Кугульдинов сияқты әр ұлттың саңлақтарымен қатар атауға болады. О. Сүлейменовтің өлеңдері мен поэмалары ағылшын, француз, неміс, испан, чех, поляк,

словак, болгар, венгр, моңғол және түрік тілдеріне аударылған. Шет ел баспагерлері мен әдебиеттанушылары О. Сүлейменовтің өлеңдері мен поэмаларын, кітаптары мен ғылыми еңбектеріне жаңаша баға берді, қазақ ақынының әдебиет пен ғылымдағы ізашарларымен параллельді қарастырып, оның зерттеулерін кең ғылыми контекстке енгізді. Ақын поэзиясындағы терең эстетикалық талғам мен көзқарастың тек ұлттық бағытта ғана емес, әлемдік деңгейде қалыптасуында оның шет елдік әдебиетпен терең сусындап, мәдениетімен етене жақын болуының ықпалы зор. О. Сүлейменов шығармаларын орыс тілінде жазғанымен, тәкаппар, намысшыл, өр халықтың ұлы, қазақтың ақыны болып қала береді. Оның шығармалары халықтық бейнелері мен идеялар рухын қамтитын поэтикалық сөз дәстүрімен терең байланыста. Көшпенді бабалардың рухани негіздерін поэтикаландыру, туған жердің тарихына деген ұлы сүйіспеншілік, өткеннің энергетикалық ағымына ену, рухани құндылықтар мен қазіргі адамның ойлау шекарасын ажырату – осының бәрі О. Сүлейменовті халықтық тамыры ақын ретінде сипаттайды. Поляк ғалымы Евгениуш Чаплевич О. Сүлейменов шығармашылығының осындай ерекшелігін: «Өз туындыларын тек орыс тілінде жазса да, О. Сүлейменов қазақ болып қала береді. Уақыттың шекарасының қазіргі және посткеңестік кезеңінде дәстүрлі өлшемді, өз халқының асыл дәстүрін халықаралық және континентаралық жалпыадамзаттық деңгейге көтеру міндеттемелерін алып, оны ешкім ойламаған жомарттықпен орындады» [6, 54] деп бағалады. Ақын қазақ халқының келбеті мен мінезіндегі, өнері мен өн бойындағы сұлулық пен әсемдікті бойына жинап алған ерекше тұлға. Оның поэзия әлемі – тұнып тұрған сұлулықтың әлемі. Ақынның асқақ үні, ұтымды эстетикалық көзқарасы қалай аңғарылады? Бікшам, сезімтал, сергек болып келетін жырларының астарында қандай эстетикалық тұжырым жатыр? Ақын поэзиясы несімен сұлу? Несімен ерекше? Жауап іздеп көрейік. Алмастай өткірлігімен, кіршіксіз тазалығымен сұлу. Еркіндігімен, шынайылығымен сұлу. Бікшамдылығымен, өлшемділігімен, біртұтастығымен сұлу. Ақын поэзиясы – асқақ сезімдердің жиынтығы. Өлеңнің тақырыбынан бастап асқақтық байқалады. «Земля, поклонись, человеку!» (Адамға табын, жер енді!) Міне, нағыз пафос! Міне, нағыз асқақтық! Батылдық! Бір өлеңімен-ақ ақынның қоғамдық-әлеуметтік идеалы анықталып, әлемдік поэзиядан ойып тұрып орын алды. Бұл өлең бүкіл адамзаттың әнұранына айналды. Өлеңнің «Нет Востока и Запада нет, есть Восход и Закат» атты жолдары ғарыш аппараттарын дәл осылай қайтадан атау алуына қызмет етті.

«Қыш кітабындағы» келесі жолдар бейне ақынның өзін бейнелейтіндей. «...Әр адамның өз жұлдызы тұр пісіп, / Сол үзілмек, / Солай тағдыр құрылысы. / Қалғиды әлем, / Қорылдаған тобырдан / Ғасыр сайын / Бас көтерер бір кісі.» (ауд. Қадыр Мырза Әли) Оның көзқарастары әрқашан радикалды. Ол тұрақты



пікір білдіруден қорықпады. Әрқашан өз көзқарасын қорғады. Егер ол сияқты адамдар болмаса, біздің қоғамды қандай күйде болатынын елестету қиын. Өйткені, Олжас Омарұлы зиялы қауымның Мемлекеттік үлгісі, ең алдымен өз халқына қамқорлық жасап, замандастарына планеталық сананы сіңіруге тырысатын мәртебелік және символдық тұлға [7, 32].

Олжас Омарұлы – ғасырлық құбылыс, ол өзінің озық сана-сезімі мен дарыны арқылы нағыз феномендік тұлғаға айналды. Ол арнайы эстетика ғылымына арналған еңбек жазбағаны белгілі. Әйтсе де, ақынның әсемдікке, сұлулыққа деген эстетикалық көзқарасы мен талап-талғамы өлеңдерінен айқын аңғарылады. Мысалы, «Кактус» поэмасын алайық. Өлеңнің басты қақтығысы екі кейіпкердің қарама-қайшылығынан тұрады. Әңгіме Аман және Жаппас атты екі кейіпкер атынан өрбиді. Д.М. Молдавскийдің 1966 жылы жарық көрген «Дала, өлеңдер және уақыт» мақаласында: «Сүлейменовтің «Кактус» өлеңінде кейіпкер жас жігіт өте сезімтал. Ол әділеттілікпен жеңіске жетуі керек екенін біледі. Этикалық нормалардан ауытқу оған апат сияқты көрінеді» деді [8, 43]. Ал, белгілі әдебиет зерттеушісі М. Қаратаев өзінің «Поэтикалық батыллықтың диалектикасы» атты мақаласында, екі ақын арасындағы тартысқа «жігерлі диалог» деп атау берді [9, 112]. Поэмадағы ақын кейіпкерлерінің тартысы – автордың ішкі арпалысы мен ойларының тартысынан туындағаны анық.

Олжас Сүлейменов өз шығармаларында эстетиканың негізгі категориясын, атап айтқанда әсемдік категориясын ашуға және оны негіздеуге үлкен назар аударады. Ақынның пікірінше, әсемдік – бұл адамның тәндік және рухани сұлулығының көрінісі. Оның эстетикасында әсемдік пен пайдалылық біртұтастықта көрсетілген. Олар үйлесімді қосылған, бір-бірінен ажырамайды.

*Ғашықпын,*

*Сұлулыққа ғашықпын мен.*

*Сұлулық қымбат маған ашық күннен.*

*Сол үшін,*

*Өзім мақтап,*

*Өзім даттап,*

*Миын да жаратқанның ашыттым мен [10, 65]*

Өлеңде автордың нәзік сезімі мен сұлулыққа құштарлығы анық байқалады. Ақынның табиғат алдындағы пәк перзенттік мінезі сезіледі. Біресе, «мақтап», біресе «даттап» табиғатқа деген адал махаббатын жеткізуге тырысқанын байқатады. Бұл – аударманың түпнұсқадан ерекшелігін байқатады. Өлеңнің табиғатына терең түсіну үшін екі нұсқаны да қатар оқыған абзал. Ақынның ой екі өлеңде де бір-бірімен астасып, толықтырылып, оқырманын терең қабылдауына жол ашады.

О. Сүлейменов іздеген эстетикалық категориялар шеңбері оның туған халқына, еліне, жеріне деген асқақ сезімінен бастау алады. Өлеңдердегі айналайын, домбыра, дала, тау, құз, көшпенділік, бөрілік, табын, арғымақ, рух, шабандоз т.б. халықтық түсінікті ассоциациялайтын сөздердің жиі кездесуі ақындағы эстетикалық ұғымның ең алғаш халықтық негізде қалыптасқанын көрсетеді.

*Степь не любила высоких гор,  
Плоская степь  
Не любила торчащих деревьев.  
Я на десять столетий вперед  
Вам бросаю укор,  
О казахи мои, молодые и древние!..  
Степь тянула к себе  
Так, что ноги под тяжестью гнулись... [10, 213]*

Ақын туған даласын үлкен сүйіспеншілікпен, нәзіктікпен және перзенттік жауапкершілікпен жырлайды. Дархан даланың барлық әсемдігі оның тебіреніске толы өлеңдерінде көрініс тапты.

*Ой, какая женщина! Косы по земле!  
В сторону смущённо  
Смотрит старый конь.*

*Солнечные пятна шириной в ладонь...* [10, 218] деп жырлайды «Жара» атты өлеңінде. Сылдырап аққан арықты жағалай кешіп бара жатқан бозбалаға шаң басқан алма ағашы астында, құшағын айқара ашқан ұйқыдағы ару бейнесі ерекше әсерлі көрінеді. Оған арудың алақанына түскен күннің сәулесі де емес, оның жерде жатқан бұрымы әсерлі болып тұр. Ақын сұлулықты «бұрым» деталі арқылы сәтті жеткізе білген. Егер өлеңді «Алма ағашы астындағы бұрымды ару» деп қана елестетсек, сонда да, сұлулықты айшықтап тұрған бір ғана көрініс бұрым ғана екенін көреміз. Қазақ ұғымында өте қастерлі болып саналатын бұрым ұғымы ақын өлеңінде де сұлулықтың басты өлшеміне айналған. Сұлулықты әсерлі жеткізу үшін ақын қарама-қайшы категория қолданған. Мысалы, «Бұрымның» жанында бозбалаға иісі аңқыған алма ағашы да «шаң басқан» қалыпты көрініс болып көрінеді. Бұрымдының сұлулығынан тіпті жылқының да көзі тайып, *в сторону смущенно смотрит старый конь* деп суреттейді. Бұл өлеңде сұлулықтың символы бұрым болса, ұсқынсыздық категориясы *шаң басқан арық* және *кәрі жылқы* бейнесінде суреттелген.

Ақын өлеңдеріндегі *ана, әйел* образындағы сұлулық «*Помнишь, первые сказки мои*» атты өлеңінен көреміз. Ақын анасының сыйға тартқан ең алғашқы сыйлығы – кітабын аса құнды естелік ретінде сағынышпен еске алады. Кітаптағы ертегілерді құмарлана оқуға кіріскен бала тіпті түнде

де тығылып оқуға кіріскен. Перзентке деген махаббат, мейірім, жылулық, жанашырлық сезімдері өлеңдегі ана бейнесін айшықтап, сұлуландыра түскен. Ақын адам баласының бойында болатын алуан түрлі сезімді бір ғана өлеңге сыйдырып, «*Моя добрая мама, родная моя./ вспоминай – прозревал твой послушный, упрямый мальчишка*» [10, 146] деп асқақ сағынышпен, ақындық жүрекпен, нәзік сәбилік сезіммен жырлайды. Ақынның нәзік жандылықтың сұлулығын суреттейтін өлеңдері «Детство, сады, зной», «Ты горда», «Женщина», «Из окна отеля», «Эхо сказки», «Слава, женщина, Вам!» сынды өлеңдерінде байқалады.

Ақынның әр өлеңінен сұлу өлең өлшемін, сәтті ұйқас колданысын, сұлу сөздерді және тәтті ойларды, ұтымды тұжырымдарды байқау қиын емес. Ақынның әр өлеңі сұлулық әлемінің бір бөлшегі. Сондықтан оның әрқайсысы әлі де мұқият зерттеуді қажет етеді.

### **Қорытынды**

Олжас Сүлейменов поэзиясындағы эстетикалық көзқарастар мен эстетикалық категорияларды зерделеу барысында келесідей қорытындыға келеміз. Ақын бойындағы эстетикалық тәрбие, қалыптасқан эстетикалық болмыс, тума талант және білім кеңістігі оның әлемдік масштабтағы туындыларды дүниеге әкелуге себеп болды.

Ақынның шығармашылығымен жаңа ғасыр оқырмандары сусындап, оны талдауға және тануға әлі де тырысып келеді. Тәуелсіздіктің жас ұрпақтары және шет елдік зерттеушілер ақынның жаңа қырлары мен шығармаларындағы көзқарастарға заманауи баға беруде. Ақынның поэтикалық мұралары түбі жоқ терең қазына, жыл өткен сайын құндылығы арта түседі. Ақын шығармашылығының өміршеңдік құпиясы – оның шығармаларының эстетикалық құндылығының жоғарылығында.

Қорыта келгенде, О. Сүлейменов поэзиясы - тарихи және заманауи көзқарастағы сұлулық өлшеміне лайық және өз оқырмандарына заманауи көзқарастағы эстетикалық тұжырым жасауға ықпал ете алатын өміршең поэзия. Эстетикалық ойлары менталдық қайта жаңғыру кезеңінен өткен қазақ ақынының стихиялық поэтикасы әлем әдебиетіндегі эстетикалық поэзияның жарқын үлгісі болып қала бермек.

### **Пайдаланылған деректер тізімі**

1 **Қабдолов, З.** Сөз өнері. [Мәтін]– Алматы: «Қазақ университеті», 1992. – 776.

2 **Voznesenski, J. A., Rozdestvenski, R. I., Suleimenov, O.** Mais la poésie. [Мәтін] – Paris: Aged’homme, 1972. – 132 p.

3 **Anne Philipe**. Le pragmatisme gène de la poésie «Le Monde». [Мәтін] – 1973, 29 Mars. – P. 18.

4 **Abazov, R.** Grenn Desert. The Life and Poetry of Olzhas Suleimenov [Мәтін]– N.Y.: Cognella Publishing, 2011. 269 б.

5 **Ровенский, С.** «Простор» 14 апреля 1978. № 7. С. 7–12.

6 Әл-Фараби атындағы ҚМУ-інің О. Сүлейменовтің ғылыми-зерттеу лингвистикалық орталығы. «О. Сүлейменовтің шығармашылығы және ұлттық сана-сезім мәселелері» атты Халықаралық ғылыми конференция материалдары. 05–06 мамыр, 2016 ж. 5 б.

7 **Каратаев, М.** Диалектика поэтических дерзаний. Алма-Ата: Жазушы, 1987.

8 **Молдавский, Д.** Степь, стихи и время. Звезда. 1966. № 3. С. 179.

9 **Чаплеевич, Е.** Современная казахская эпопея Олжаса Сулейменова. «Мир Олжаса Сулейменова». [Мәтін]– Караганда, 2015. – 21–28 б.

10 **Сүлейменов, О.** Собрание сочинений в 7 томах. Сост. и вступ. ст. Сафара Абдулло. [Мәтін] – Алматы: «Атамұра», 2004. – 344 с.

## References

1 **Kabdolov, Z.** Soz oneri. [The Art of Speech][Text]– Almaty: «Kazakh University», 1992. – P. 77.

2 **Voznesenski, J. A., Rozdestvenski, R. I., Suleimenov, O.** Mais la poésie. [Text]– Paris: Aged’homme, 1972. – P. 132.

3 **Anne Philipe**. Le pragmatisme gène de la poésie «Le Monde». [Text]– 1973, 29 Mars. – P. 18.

4 **Abazov, R.** Grenn Desert. The Life and Poetry of Olzhas Suleimenov [Text] – N.Y.: Cognella Publishing, 2011.– P. 269

5 **Rovensky, S.** Prostor [Space] [Text] April 14, 1978. – No. 7. – P. 7–12.

6 Al-Farabi atyndagi KМУ-inin O. Suleimenovtin gylım-zertteu linguistikalyk ortalygy. «O. Suleimenovtin shygarmashylygy zhane ultyk sana-sezim masseleri» atta Halykaralyk gylım conference materialdary. [Creativity of O. Suleymenov and issues of national consciousness] [Text] 05–06 мамыр, 2016. – P. 5.

7 **Karataev, M.** Dialektika poe`ticheskikh derzaniy [Dialectics of poetic daring]. [Text]. – Alma-Ata : Zhazushy, 1987.

8 **Moldavsky, D.** Step`, stikhi i vremya [Steppe, poems and time] [Text] Star. – 1966. – No. 3. P. 179.

9 **Chapleyevich, E.** Sovremennaya kazakhskaya e`popeya Olzhasa Sulejmenova. Mir Olzhasa Sulejmenova [The modern Kazakh epic of Olzhas

Suleimenov. The World of Olzhas Suleimenov]. [Text] – Karaganda, 2015. – P.21–28.

10 **Suleimenov, O.** Sobranie sochinenij v 7 tomakh [Collected works in 7 volumes] [Text] Comp. and the introductory article by Safar Abdullo.– Almaty: «Atamura», 2004. – P. 344.

Материал 08.09.22 баспаға түсті.

\*Г. А. Абылкасимова<sup>1</sup>, К. Т. Тулебаева<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Алихан Бокейхан университет,

Республика Казахстан, г. Семей

Материал поступил в редакцию 08.09.22.

### **ЭСТЕТИЧЕСКИЕ КАТЕГОРИИ И ЭСТЕТИЧЕСКИЕ ПЕРСПЕКТИВЫ В ПОЭЗИИ ОЛЖАСА СУЛЕЙМЕНОВА**

*В статье рассматривается вопрос об эстетических взглядах и понятии эстетических категорий в стихах казахского поэта Олжаса Сулейменова, писавшего свои произведения на русском языке. Основная задача состоит в том, чтобы сопоставить эстетические взгляды поэзии поэта с устоявшимися научными представлениями о красоте. В качестве объекта исследования были взяты стихотворения поэта.*

*В стихах многогранного поэта проявляется национальный и интернациональный подход к миру прекрасного. Вероятно, этому способствует знакомство поэта с национальной и европейской эстетической культурой. Автор дифференцирует эстетические взгляды поэта и определяет его роль в мировой литературе. Он пытается раскрыть систему и особенности употребления эстетических категорий в поэзии.*

*В исследовательской работе использовался метод повествования, анализа и индукции. Метод индукции позволяет сделать общий вывод на основе индивидуальных эстетических выводов поэта. Автор пытался глубоко проникнуть во внутренние переживания, вкусы, оценки, мысли и мечты поэта. Автор нашел основные эстетические категории красоты и возвышенности в поэзии Олжаса Сулейменова и обосновал их примерами.*

*Научные исследования в познании мира красоты творчества поэта ставят своей основной целью следующие вопросы: дифференциация существующих взглядов на жанр стихов, раскрывающих мир прекрасного; определение основных эстетических идей, извлеченных из*

*собственных притязаний поэта на мир красоты и поэзии; нахождение эстетических категорий в поэзии поэта и доказательство их конкретными примерами.*

*В статье уделяется внимание истории преподавания красоты, его проблемам и задачам, категориям, связи эстетики с искусством, а также мнению ученых, изучающих поэзию О. Сүлейменова в научном плане. Автор акцентирует внимание на противоречивых мнениях и в заключение по-новому подходит к стихотворениям поэта.*

*Ключевые слова: многогранный поэт, поэзия, индукция, аргымак, эстетика, эстетический подход, эстетические категории, возвышенность, красота*

\*G. A. Abylkassimova<sup>1</sup>, K. T. Tulebyaeva<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Alikhan Bokeikhan University,

Republic of Kazakhstan, Semey.

Material received on 08.09.22.

## **AESTHETIC CATEGORIES AND AESTHETIC PERSPECTIVES IN THE POETRY OF OLZHAS SULEIMENOV**

*The article talks about the aesthetic views and the concept of aesthetic categories in the poems of the Kazakh poet Olzhas Suleimenov, who wrote his works in Russian. The main task is to compare the aesthetic views of the poet's poetry with the established scientific concepts of beauty. The poet's poem were taken as the object of research.*

*The multifaceted poet's poems show a national and international approach to the world of beauty. The poet's familiarity with the national and European aesthetic culture probably contributes to this. The author differentiates the poet's aesthetic views and defines his role in world literature. He tries to reveal the system and features of the use of aesthetic categories in poetry.*

*The method of narration, analysis and induction was used in the research work. The method of induction makes it possible to make a general conclusion based on the poet's individual aesthetic conclusions. The author tried to delve deeply into the poet's inner feelings, tastes, evaluations, stress, ideas and dreams. The author found the main aesthetic categories of beauty and sublimity in Olzhas Suleimenov's poetry and proved them with examples.*

*Scientific research in recognizing the world of beauty of the poet's work sets the following issues as the main goal. Differentiation of existing*

*opinions on the genre of poems that reveal the world of beauty. Determining the poet's own claim to the world of beauty and the main aesthetic ideas extracted from the poems. Finding aesthetic categories in the poet's poetry and proving them with concrete examples.*

*The article focuses on the history of the teaching of beauty, its problems and tasks, categories, and the connection of aesthetics with art, as well as the opinion of scientists studying O. Suleimenov's poetry in a scientific sense. The author focuses on controversial opinions and concludes with a new approach to the poet's poems.*

*Keywords: multifaceted poet, poetry, induction, argymak, aesthetics, aesthetic approach, aesthetic categories, sublimity, beauty.*

Теруге 08.09.2022 ж. жіберілді. Басуға 30.09.2022 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,57 МБ RAM

Шартты баспа табағы 18,53. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова, Т. К. Оразалинова

Тапсырыс № 3975

Сдано в набор 08.09.2022 г. Подписано в печать 30.09.2022 г.

Электронное издание

2,57 МБ RAM

Усл. печ. л. 18,53. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова, Т. К. Оразалинова

Заказ № 3975

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: [kereku@tou.edu.kz](mailto:kereku@tou.edu.kz)

[www.vestnik.tou.edu.kz](http://www.vestnik.tou.edu.kz)